



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2022 жылғы 21 қазандағы № 47 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 12,71 теңге мөлшерінде 2021 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LEOS4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2022 жылғы 25 қазанның сағат 00:00 жағдайы бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 138 644 160 658,92 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша 39 504 904 758,40 теңгені құрады.

Банктен немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2022 жылғы 27 қазаннан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2023 жылғы 17 қаңтарды қоса алғанда, 138 283 808 925,04 теңгені құрады, оның ішінде жаһандық депозитарлық Банктің шығарылған жай акциялары базалық активі болып табылатын қолхаттар бойынша – 39 504 904 758,40 теңге.

Акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген, жалпы сомасы 360 351 733,88 теңгеге дивидендтерді Банк 2023 жылғы 18 қаңтарда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-та (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды. Сонымен Банк акционерлері Банк есептеген, бірақ Банктің жай акциялары бойынша алынбаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

не «Қазпошта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне өтініш білдіру қажет.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефондары бойынша өтініш білдіру қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ